**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**хаттамасы №5**

**О.Әлібаев ЖББМ**
**20.05.2021 ж.** **сағ.$10^{00}$**
**Төрайымы:** Ибраева А (ата-ана)
**Хатшы:** Д.Ауданбай (әлеуметтік педагог)
**Қатысқандар:** Алин Д.Г- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.
**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-**
Құржікова А.К (ата-ана)
Жанпейісова Б.С (ата-ана)
Кожамуратова Ж (ата-ана)
Махатова А (ата-ана)
Көпбосынов Ж.Г (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Кабдиева С ( ата-ана)
Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)
Бекмаханова Ж (ата-ана)

**Күн тәртібінде:**

1. 2020 -2021 оқу жылындағы «Қамқоршылық» кеңесінің атқарған жұмыстары есебін тыңдау.

Мектеп директоры Д.Г.Алин.

**Тыңдалды:**
**Сөйледі:** мектеп директоры Д.Г.Алин.
**Сөйледі 1.1:** мектеп директоры- Д.Г.Алин
Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, биылғы оқу жылында «Жалпыға бірдей оқу айлығы», «Қамқорлық» акциясы барысында көрсетілген көмек есебі жайлы тоқталды.Тамыз айынан бастап күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Шілде айының басында Ш.Ералиев ауылының О.Әлібаев атындағы ЖББ мектеп әкімшілігімен бірлесіп «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылған іс-шаралар жоспары құрылып , хабарлама парақшалары ілінді. Жоспар бойынша көпбалалы, аз қамтылған, толық емес, қамқорлықтағы балалары бар отбасыларға рейд жасалынды.Тұрмысы аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету үшін акцияға қатысушыларға арнайы хабарламалар жолданды.Мектебіміздің ұстаздар қауымынан 121 000 теңге көлемінде ақшалай және заттай көмек көрсетілді.Ауыл әкімшілігінен 65 000 теңге, кәсіпкерлерден 26 250 теңге, демеушілерден 85 000 теңге, 2 «Ә» сыныбының ата-аналарынан 13 000 теңге көлемінде қаржылай көмек жасалды. Жалпы жиналған қаржы көлемі 310 250 теңгені құрады. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан 26 оқушыға оқуға қажетті оқу құралдары мен киім-кешек табыс етілді. 2 оқушыға мектеп формасын алуға ақшалай көмек жасалды. Қалған қаражатқа әлемдік пандемияға байланысты білім процесінің қашықтықтан оқытылуына орай аз қамтылған, көпбалалы, жалғыз басты ата-анасы бар отбасыларға біреуінің құны 20 000 теңге болатын 8 дана роутер құрылғысы 160000 теңгеге алынып, табыс етілді. Аудан әкімінің «Жаңа жыл» шыршасына аз қамтылған отбасынан шыққан 4 оқушыға сұраныс берілді. Нәтижесінде 2 оқушыға тәттілер берілді. Қалған 2 оқушыға тәттілер мен планшет сыйға берілді. Аудандық оқу бөлімінен 29 оқушыға 17 түрлі оқуға қажетті мектеп құралдарына көмек берілді. Аз қамтылған отбасынан шыққан 14 балаға қыстық жылы курткалар берілді. Ақша көлемі 158 620 тг құрады. Көпбосынова М. сәуір айында аз қамтылған 3 отбасына азық-түлікпен және 7000 тг қаржылай көмек көрсетті. Биылғы 11-сынып ата-аналары 79000 тг. музыкалық аппаратура мектепке демеушілік етіп алып берді. Алдағы «Балаларды қорғау» күні қарсаңында мектебіміздегі 2 оқушыға (аз қамтылған, үйден оқитын) 14000 тг сыйлық беріледі.
**Сөз алғандар:** Смагулова Б (ата-ана)
Мектеп тарапынан аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар басты назарда және тиісті шаралар үнемі уақытылы ұйымдастырылып отырады.
**Қаулы етілді:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жоспар бойынша жұмысын жүзеге асыруға әр кеңес мүшесі атсалыссын.

**Кеңес мүшелері:**
Құржікова А.К
Кожамуратова Ж
Исатаев О.К
Көпбосынов Ж.Г
Махатова А
Бекмаханова Ж
Жанпейісова Б.С
Кабдиева С

**Төрайымы:** **А.Ибраева**
**Хатшы:** **Д.Ауданбай**